

**Ысқақ Ж.М.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 1 курс магистранты  
(*Ғылыми жетекші - з.ғ.к., профессор Ильясова Г.А.*)

## ТУЫНДЫНЫ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ОБЪЕКТІСІ ДЕП ТАҢУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ойлау үрдісінің шыңына рухани өнімнің – авторлық құқық объектісі немесе шығарманы жатқызамыз. Шығарманың ерекшелігі ретінде азаматтық құқық объектілерінің жүйесінің типологиясында бекітілген – тектік және түрлік ерекшелігін анықтау танылады. Ғылыми әдебиетте осы сұраққа айырықша назар аударылады. Себебі нормативті жіктеу мінсіз емес, догмалық талдау әрдайым осал.

ҚР АҚ (115 баптың 2 тармағы) бастапқы қалпында «интеллектуалды шығармашылық қызметтің объектілендірілген нәтижелері» айтылады. Бұл заңнамада мүлікпен теңестіріледі. Алайда, ол жеке мүліктік емес элемент енген шығармаларды да қамтиды (ҚР АҚ 977 және 963 бабы, 115 баптың 3 тармағы, Авторлық туралы заңның 15 бабы). Тағы бір аз ғана өзгешелік: Интеллектуалды меншік құқығының ҚР АҚ Айрықша бөліміндегі (1 тармақша) 961 баптың 1 және 2 бөлімі) бастапқы қалпында объективті үлгісі «интеллектуалды шығармашылық нәтижесі» деп қана айтылады. Авторлық құқық табиғатына қатысты болғандықтан, екі қарама-қайшылық та маңызды. Бұл екі азаматтық заңнаманың ережелерінің үйлеспеуін шығармашылықтың нәтижесін тіркейтін заңнамалық маңызы бар арнайы нормалармен (авторлық құқық туралы заңның 2 бөлімінің 6 бабы, ҚР АҚ 1 және 2 бөлімінің 971 бабы) шешеді.

Классикалық теорияның пайымдауынша «шығарма дегеніміз қайталауға мүмкіндік беретін, автордың шығармашылық жұмысы кезінде туындаған, белгілі бір үлгіде адамның сезім мүшелерімен қабылданатын идеялардың, ойлар мен образдардың жиынтығы» [1, б. 32]. Бұл тұжырымды, негізінен, заманауи цивилисттер қолдайды [2, б.110; 3, б. 31; 4, б. 42]. Өлең, ғылыми эссе, сурет және басқа да шығармашылық туындылар ең алдымен автордың санасында пайда болып, сонда өңделіп содан кейін ғана пайда болады. Абстрактілі идея күрделі ойлау үдерісі мен нақты іс-әрекеттің нәтижесінде ойдағы заттан белгілі бір үлгіге айналады. Шығарма адамның мүліктік емес заттары ретінде айтылуға лайықты (ҚР АҚ 115 бабының 3 тармағы). Осы сұрақтың оң шешіміне құрылымының аяқталғандығын жатқызуға болады: авторлық құқық және автордың басқа да заңдық құқық мүмкіндіктері – жеке мүліктік емес құқығы, ал шығарма – жеке мүліктік емес игілік. Заңның талаптары рухани өнімдерді объективті қарастырады, яғни, материалды тасығыштарға бекіту (диск, кенеп, қағаз, тас, металл және басқаларға), шығарманың қалай берілгендігіне қарамастан ол материалды емес, идеалды болып табылады.

Біріншіден, авторлық құқық, шығарма суреттелген материалдық тасығыштың меншіктік құқығына еш қатысы жоқ (АҚ 986 бабы, Авторлық құқық туралы заңның 6 бабы, 5 тармағы). Е.Л. Вакман мен И.А. Грингольцтің бейнелеу өнері туындыларын мысал ретінде ала отыры, «суретті суретшінің рухани шығармашылығының өнімі және бояумен жағылған кенеп деп екіге бөліп қарауға болмайды», - деген пайымдаулары да ойландырады [5, б. 59]. Бұл жерде таза лингвистикалық салдар, яғни - омоним. «Сурет» деген сөз біреу, ал мағына түрленіп тұр. Шығарманың іргетасының материалдылығы, «мүліктілігі» заңнамалық тұрғыдан алып қарағанда соншалықты орнықсыз.

Екіншіден, объективті үлгі мүліктік объект болуы міндетті емес, ол ауызша да болуы мүмкін. Мысалы, дәріскердің дәрісті ауызша оқуы немесе музыкалық шығарманы ауызша орындау. Н.Л. Зилберштейн хрестоматиялық мысал береді: композитор А.П. Бородин «Игорь князь» операсының увертюрасын достары мен пікірлестерінің арасында орындап шыққан. Осы увертюраның нотасын түсірмей қайтыс болып кеткен. Тындырмандардың бірі есінде қалған әуенді нотаға түсірген [6, б. 12]. Материал тасымалдаушысыз объективтілендірілген объекттердің толық емес тізімі заңмен бекітілген: «көпшілік алдында айтылуы немесе көпшілік алдында орындалуы және сол сияқтылар» (ҚР АҚ 971 бабының 2 бөлімі, тарауша 2) Авторлық құқық туралы заңның 6 бабының 2 бөлімі). Аталған негіздеменің салдарынан соттық доктринада қате қағида пайда болады: «Ауызша айтылған (орындалған) туындыға деген авторлық құқық тек қана көпшілік алдында айтылғанда (орындалғанда) ғана пайда болады» [7]. Көрсетілген ашық тізімдегі ақпаратты берудің басқа қандай қосымша жолдары бар? Құлағы естімейтін және құлағының мүкісі бар жандар мен мылқаулар пайдаланатын сөзсіз қарым-қатынас – қолмен ишаралау амалдары, бет қимылы, көз, ерін, дене қимылдарының формасы. Заңның айтып отырғаны осылай хабарлап жеткізу жолдары шығар деп ойлаймыз. Бұл жағдайды сөз еткенде, атақты физик-теоретик, космолог Стивен Хоккингтің ерлігін айтпай кетуге болмайды. Орталық нерв жүйесінің ауруына шалдыққаннан кейін, ол қозғалу мүмкіндігінен

айрылған. Ал 1985 жылы көмейіне жасалған операциядан кейін С. Хоккинг сөйлеу қабілетінен де айрылған. Достары оған сөйлеу синтезаторын алып берген. Ол оның кресло-коляскасында жақ бұлшық етіне қарама-қарсы бекітілген. Ғалым синтезатордың көмегімен компьютерді басқарып, сол арқылы сөйлеседі. Хоккингтің дәрістерінің түгелдей дерлігін «айтылған» дәрістерге жатқызуға болады. Әрине, бұл жағдайда дәрісті ауызбен айтылған деуге де келмейді.

Үшіншіден, егер адамға арнайы техникалық құрылғылардың көмегімен авторлық құқық объектісімен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік жасамаса, кейде, тіпті, мүліктік материалды форманың өзі шартты болып қалады. Мысалы, ЭЕМ көмегімен қолданылатын, компьютерлік бағдарламалар, ең болмағанда басқа объективті формаға айналу кезіндегі дерек қорлары және т.б. «машина оқитын» формадағы туындылар.

Төртіншіден, басты мәселе объективті форма ұғымының өзінде жатыр – маңайындағылар түсінуі және оны қайталап айтуы үшін туындының сыртта айтылу мәнері. Осы ұғымға, мысалы, ғаламтор кеңістігінде пайдаланылып жүрген («ауыспалы») авторлардың электронды-сандық жазбалары да жатады ма деген сұрақ туындайды. Оған ҚР АҚ 971 бабының 2 бөлімі (тарауша 3), Авторлық құқық туралы заңның 6 бабының 2 тарауы (тарауша 3) оңды жауап береді. Қарастырылып отырған категория қолданбалы-құқықтық тәжірибеде дәстүрлі авторлық-құқықтық ұғым материалды формамен (физикалық, мүліктік) араласып кетеді. Материалды (материалдық тасымалдаушымен тең) және объективті форма тек пен түр категориясымен теңеседі, біріншісі – екіншісінің жеке оқиғасы. Заңгерлер көп жағдайда бұрмалап қабылдауды қолдайды. Нәтижесінде компьютерлік бағдарламалар мен деректердің ғаламторлық нұсқасы жалпыға танылған заңдық формасы болып шыға келеді [8, б. 123].

Идеялар мен образдар әлемінің шығу төркіні мен мәдени-эстетикалық арнасы туындының негізгі мазмұнын сарқымайды. Басқа да интеллектуалды өнімдер мен және барлық материалдық емес игіліктермен салыстырғанда (ар, абырой, іскерлік бедел т.б.) қағидатты ерекшеліктер тізімін жасауға болады. Осы секілді саралау ең болмаса туындының дефинициясы тек қана әлеуметтік теориялық құндылық екенін, заңды бекітусіз априори болатындығын көрсетеді. Төңкеріске дейінгі ресейлік, кенестік, заманауи қазақстандық және бірсыпыра шетелдік жағымды дереккөздерде ол (дефиниция) кездеспейді. Алайда заң саласындағы «туынды» термині мен оның жүйе жасаушы рөлінің көптеп кездесуі тәжірибе жүзінде келгенде қалыпты түсінікте және нақты белгілерімен болуы қажет.

Авторлық қарым-қатынасты тар мағынада (өнертапқыш та автор) қарастырсақ, ойлап табу және объективті бар және жаңа (айырықша) туындыларды қолдану кезінде жинақталады. Біздің ойымызша, осы екі критерий шығармашылықтың нәтижесіне қатысты авторлық құқықты ашады.

Туынды автордың санасында ғана өмір сүре алмайды. Себебі, олай болған жағдайда дәлел табу қиынға түседі және шығармашылық еңбектің негізгі мазмұнын анықтауда түсінбестіктер пайда болады. Қарапайым түсіндірсек, нақты өмірде жоқ затты қолдануға болмайды. Айырықша құқық абстрактілі, ойдағы жетістіктерде емес, шынайы қатынастар кезінде туындайды. Сол себепті туындыда басқалар қабылдай алатын аяқталған образ болуы керек. Объективті форма тәжірибеде ғана қажет емес, сонымен бірге заңдық, авторлық-құқықтық ұғымға ие. Автордың түпкі ойын анықталмаған тұлғаларға «беру» әдістері – объективті форманы туынды формасынан ажырата білу қажет. Шығарманың негізгі мағынасын беретін мазмұнынан айырмашылығы (тақырыбы, сюжет, басты идеясы, автордың өзіндік концепциясы мен теориясы) форма – қоршаған болмысты ашық және нақты суреттеуге септігін тигізген автордың таңдаған көркем әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Мысалы, әдеби туындының формасы – тіл мен көркем образдар; ғылыми жетістіктің формасы – сәйкесінше әлеуметтік және табиғи даму заңдылықтарына байланысты қолданылатын кәсіби терминдер мен анықтамалар, олардың бекітілген қысқа (формула) түрлері; өнер туындысында – жеке стилі, авторлық мектептер мен көркемөнер бағыттары. Осылай табиғи (объективті) және заңдық арасында тағы бір шекара пайда болады.

Туындының ерекшелігіне оның еркін болмысы – депозиттеусіз және басқа да, көпшіліктік-құқықтық актілерсіз, ешқандай міндетті тіркеусіз пайда болуы және өмір сүруі. «Шығармаға деген авторлық құқық... оны жасаған кезде ғана күшіне енеді. Авторлық құқықтың пайда болуы және оның іске асуы үшін шығарманы тіркеу, немесе басқа да арнайы рәсімдеу шараларын жүргізу міндетті емес» (Авторлық құқық туралы заңның 1 тарауы, 9 бабының 1 бөлімі). Бұл жерде тек шығармалар мен соған теңестірілетін шығармашылық нәтижелеріне ғана тән (басқа да интеллектуалды меншік құқық объектілері арасында) қосымша критерийді байқаймыз.

Тек қана интеллектуалды шығармашылық жұмыс авторлық құқық объектісінің пайда болуына әкеледі. Шығармашылық сөзінің ұғымы сан қырлы (әдіс, үдеріс, нәтиже), көп жағдайда шартты болып келеді және теориялық тәсілмен анықталады [4, б. 42].

В.И. Серебровский: «Жаңалық» үнемі шығармашылыққа байланысты болғандықтан, біз «Жаңалықты» шығарманың жеке белгісі ретінде қарастыруды міндетті деп санамаймыз» деп жазған [1, б. 36]. Осы әділетті ескертуге жауап ретінде, біз екі сәтті айқындап кетсек.

Біріншіден, барлық шығармашылық қорғалатын жетістікке алып келмейді. Шеридан Саймоуви деген біреу amazon.com сайтына «Еркектер секстен басқа нені ойлайды» деген шығармасын сату үшін хабарландыру береді. Сатылым рейтингісі бойынша бестселлерлер тізіміндегі «Гарри Поттер» және «Да Винчи коды» шығармаларынан да асып түседі. Ал бірақ, «кітап екі жүз беттен тұрса да, ол беттерде ештеңе жазылмаған. Аппақ. Тап-таза» [9, б. 3]. Ш. Саймоувидің кәсіпкерлік идеясы мен шығармашылықпен келуі оның жазған шығармасының бөлшектерін (атауы, мұқабасының дизайны), жалпы шығармасының өзін интеллектуалды шығармашылықтың жемісі деп атауға болмайды. Яғни, бүтінсіз бөлшек жоқ.

Екіншіден, қазіргі кезде авторлық құқықтың шекарасы кеңейе түсті. Қазіргі азаматтық айналымда механикалық жұмыс үдерісінің арқасында пайда болған айырықша түрлер іске қосылған: «жасанды интеллект» жұмысының нәтижесі; «кіші формадағы» [10, б. 82] жарнамалық ұрандар; компьютерлік технология көмегімен салынған суреттер және т.б. Яғни, туынды деп шығармашылықтың қарапайым нәтижесін емес, айырықша нәтижесін атаймыз. Аз ғана болса да жаңалықтың заңдық негіз бола алады. Екінші «Евгений Онегин» жоқ және болуы мүмкін емес [11]. Алайда өмір заңдық шектеулерге қарағанда кең, табиғаттағы «құқық» құқықтағы табиғаттан гөрі ауқымды, «ең қуатты фантазия күнделікті өмірде кездесетін айырықша, таң қаларлық жағдайларды елестете де алмайды» [12, б. 97].

Марина Влади В.С. Высоцкийдің өміріндегі мынадай бір ғажап оқиғаны әңгімелейді. Кеңестік бард, француз ақыны Артюр Рембонь плагиаттық жасады деп қате кінә тағады: «Сен білесің бе, анау кісі, анау француз – ол бәрін менен ұрлап тартып алды. Ол мен секілді жазады, барып тұрған плагиат! Жоқ, қараш: мына ритм, мына сөздер саған ештеңе айтпай тұр ма? Ол менің өлеңдерімді жақсылап тұрып зерттеген екен, а? Оңбаған! Аудармашы да оңбаған, ұялмапты. Мен оған ақырын ғана сен қарапайымдылықтан өліп кетпессің, сені осыншама ызаландырған, біздің ұлы ақынымыз секілді өткен ғасырда өмір сүрген, сенен ғасырға жуық бұрын туған – Артюр Рембо дегенімде, сен кітаптың титулдық бетін ашып қарап, қателігіңе қызардың. Содан соң ренішіңді тастап, маған түні бойы тәнті болып атақты ақынның өлеңдерін оқып бергенсің» [13, б. 61]. Талант- ерекшеліктің жаршысы әрі негізі. Ал заңның шекарасының сыртында тек қана айқын жағдайлар қалады [14, б. 42].

Басқа деректе тіптен тосын эпизод берілген: «Жазушы, Шерлок Холмс туралы детективтердің әдеби әкесі, сэр Конан Дойл бір ай бойы жаңа кітап жазады. Шығармасын аяқтауға аз қалғанда кітапханада француз жазушысы Ги де Мопассанның бір кітабы қолына түседі. Ол кітап оның аяқталуға аз қалған шығармасымен бірдей еді. Тіпті оқиғаның болған жері – Швейцариядағы отельге сәйкес келген. Конан Дойл бұрын Мопассанның бұл кітабын еш жерде көрмеген, романын оқып шығып, ол өз шығармасын каминге жағып жіберген» [15, б. 147]. Бұл оқиғаның суреттелуі де өте айырықша: «Үйге қайтып келе жатқанда Дойл бұрын оқымаған Мопассанның әңгімелер жинағын сатып алады. «Мейманхана» әңгімесіндегі мекен-жай Дойл орналасқан қонақ үймен дәл келеді, әрі сол әңгіме сюжеті де нақпақ қайталаанады. Осы сәйкестікті доктор өмір бойы кездейсоқтық деп санамаған: оның ойынша, Мопассанның кітабын қолына ұстататып, елес оны «ұры» деген атақтан сақтап қалған. Осыдан бастан ол Мопассанның әңгімелерін сүйіп оқыған...» [16, б. 209].

Әрине, механикалық көшіру плагиаттыққа жатпайтындығы даусыз. Алғашқы шығарылымнан кейін пайда болған («параллель туындылар» деп аталатын), ұқсас шығармашылық нәтижелерін қорғау мүмкіндігі – даулы сұрақ. Тәжірибеде авторлыққа таласты сот шешеді, алайда ең бастысы – теориялық біліктілік.

Э.П. Гавриловтың пайымдауынша, «авторлық құқық параллель туындаған шығармашылық нәтижесін қорғамайды, яғни бір бірінен тәуелсіз жұмыс жасаған тұлғаларды қорғайды» [17, б. 26] Егер Э.П. Гаврилов авторлық құқықта «параллельді туындыларды» қорғалмайды деп таныса, біз оның ойымен келісе алмаймыз. Ондай логикаға сүйенсек, Ги де Мопассанның және Артюр Рембо мен Высоцкийдің өлеңдерін жалпыға ортақ деп тану керек, әрине, бұл әділетсіздікке жатады.

Жағымды құқық адам өміріне шектеулі әсер етеді – рухани әлемін ұғынбайды, жеке және эстетикалық қатынастарды қарастырмайды. Ықтималдылық салыстырылмалы. Ықтималдылық деңгейі теориялық тұрғыда ғана болжанады, ал құқықтық реттеу нақтылықты қажет етеді. Авторлық құқықта тәуелсіз қайталау қатері объектілерді технологиялық бағдарлау пайдаланыла бастағаннан жоғарылай бастады – фотосуреттер, қала құрылыстары мен архитектура, бақшалық-парктік дизайн және т.б. жоғарыда аталғандар. Егер «параллель туындыларды» абсолютті тыйым салу идеясын ұстанатын болсақ, оның мұрагерлері мен басқа құқық иелерінің белгілі бір уақыт аралығында

авторлық-құқықтық мерзімінде алғашқы шығармашылық нәтижесімен араласып кеткен, «көшірменің» пайда болуына байланысты қорғаудан босатылады. Мұндай талқылау қазіргі уақытта өмір сүріп келе жатқан объекттердің заңды тізімін қысқартады және азаматтық айналымның тұрақтылығына жауап бере алмайды. Бұл жағдай азаматтық үдерісті қиындатып, асыра пайдалануға жол ашады [18].

Бізге В.О. Калятинаның мына ойы ұнайды: «идеяның белгілі бір бөлігін қолдануға болады, алайда туындыны қайта жасап шығару мүмкін емес» [3, б.33].

Е.А. Войниканис былай дейді: «дерек қорының авторы болып саналу үшін, оны құрастырушы, біріншіден, басқа дерек қорының құрылымын немесе басқа автордың дерек қорын пайдалана алмайды. Екіншіден, материалдарды жаппай пайдаланыста жүрген «әдеттегі» тәсілмен жинақтауға болмайды. Мұндай жағдайда оның дерек қоры авторлық құқықпен қорғалмайды. Оны құрастырып жатқан кездегі өзіндік ерекшелік соңынан осы қасиетін жоғалтуы мүмкін, ол дегеніміз оның ерекшелігі мен жаңалығын жоғалту болып табылады. Соңғы ескерту электронды дерек қорларына байланысты айтылған. Дизайнерлік көзқараста жасалған тиімді және соны шешімдер көп жағдайда үлгілер, модельдерге айналса, өзіндік ерекшеліктер керісінше қарапайымға айналуы ғажап емес. Сол себепті объектінің белгіленген критерийлерге сәйкестігін дерекқоры жасалып жатқан кезде тексеру керек» [19, б. 50-51]. Дерек қорлар мен компьютерлік бағдарламаларды авторлық құқық объектісі деп, оларды «айырықша практикалық құрылымына қарап» [20, б. 17] кәсіби күмәнмен қараса да, аталған объектілер авторлық құқықпен – конвенциялар мен ұлттық заңдармен қорғалады.

Терминология туралы біраз сөз қозғасак. «Түпнұсқа» және «туынды», «көшірме» және «дана» (латынның *exemplum* – көшірме, үлгі сөзінен шыққан) сөздері бір-бірінің синонимдері. Заңда олардың қайталануы дәрежелікке, қайталамаға жатады («майлы май») немесе мағынасынан айрылады. «Дана» сөзінің арнайы мағынасы тұрмыстық лексикадан бірте-бірте жойылады. Төңкеріске дейінгі және кеңес заманының алғашқы бөлігіндегі сөздіктерде негізгі болып табылғанымен [21, б. 663], кейінгі кездегі анықтамалық-ақпараттық лексикалық басылымда ол сөз неге екені белгісіз берілмей қалған [22, б. 596]. Тұрмыста қолданылатын сөздер мен арнайы реңкті сөздерді кәсіби ауқымда қолдануға болмайды, ал кейбір жағдайда пайдалану мүмкін емес.

Мынандай қате түсінік қалыптасқан: барлық туындалар авторлық құқық объектісіне жатпайды, бірақ кез-келген авторлық құқық объектісі – туынды. Авторлық-құқықтық қорғау, шартты түрде айтсақ, авторлық құқық объектілеріне ғана таралған, басқа сөзбен айтсақ, қорғалатын туындыларға таралған. Мұндай талқылау ҚР АҚ 971 және 974 баптары мен Авторлық құқық туралы заңның 7 және 8 баптарынан келіп шығады. Заңгерлердің «туынды» және «авторлық құқық объектісі» ұғымдарын шектеуі құқықтық тәжірибедегі нақтылықты жойып, «сөзбен ойнауға» әкеліп соқтырады. Мысалы, Авторлық құқық туралы заңның 7-бабы «Авторлық құқық объектісіне жататын туындылар» деп аталады. Аталған баптың тақырыбының өзінде екі түрі - қорғалатын авторлық құқық объектілері (ҚР АҚ 6 және 7 баптарының 1-3 тараулары, 971 бабының 1-3 тараулары) және қорғалмайтын – ондай объектілерге жатпайтын (ҚР АҚ 6, 8 баптарының 4 тарауы, 971 және 974 баптарының 4 тарауы) қарастырылған. Алайда, Заңның 7-бабының мәтінінде («1. Авторлық құқық объектілеріне жатады:») қорғалатын шығармашылық нәтижелері әр кезде де «туынды» ұғымы арқылы ашылған: «1) әдеби туынды», «2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар» және т.б.. Сол себепті «туынды» және «авторлық құқық объектілері» ұғымдары арасындағы шектеу көп жағдайда Заң үшін (бірақ, теория үшін емес) «шартты» болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 В.И. Серебровский Вопросы советского авторского права. – М.: Издательство АН СССР, 1956 – 220 с.
- 2 Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации. Учебник. - М.: Проспект, 1996. – 704 с.
- 3 Калятин В.О. Интеллектуальная собственность (Исключительные права) Учебник для вузов. – М.: Инфра-М, 2000. – 450 с.
- 4 Хохлов В.А Авторское право: Законодательство, теория, практика. - М.: Городец, 2008. – 288 с.
- 5 Вакман Е.Л., Грингольц И.А. Авторское право художников. - М.: Советский художник, 1962.- 263 с.
- 6 Зильберштейн Н.Л. Авторское право на музыкальные произведения. - М.: Советский композитор, 1960. – 188 с.

7 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын соттардың қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 11 Нормативтік қаулысы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000011S\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000011S_)

8 Дашян М.С. Изобретение, товарный знак, ноу-хау. Фирменный бренд...Партизанские войны за право быть лучшим.- М.: Эксмо, 2008. – 304 с.

9 Набоков А. Книжное обозрение. // Ровесник. - 2011.- №5 (587). – С.3-5.

10 Морозова И. Слагая слоганы. Изд.2-ое. Испр. - М.: РИП-холдинг, 1998. – 172 с.

11 Ящн Питер. Об эффекте автора: современное авторское право и коллективное творчество / Пер. с англ. С. Силаковой // Новое литературное обозрение. - 2001. - №48 // <http://magazines.russ.ru/nlo/2001/48/>

12 Конан Дойл Артур. Рассказы. Пер. с англ. - М.: Художественная литература. 1982. – 368 с.

13 Влади М. Владимир, или Прерванный полет / Пер. с франц. М. Влади и Ю.Абдуловой. - М.: Прогресс, 1990. – 176 с.

14 Лунин И. Это наши горы, они помогут нам! // *Aspan Kasakhstan*. - 2012. - Август. - С.42-43.

15 Кай Хофельманн. 1000 необъяснимых феноменов -М.: АСТ «Астрель»-«Олимп», 2000-240 с.

16 Чертанов М. Конан Дойл. - М.: Молодая гвардия, 2008. – 145 с.

17 Гаврилов Э.П. Комментарий к Закону Российской Федерации «Об авторском праве и смежных правах». - М.: Спарк, Правовая культура, 1996. - 224 с.

18 Братусь Д.А.Экспертное заключение- « царица доказательств»? // Юрист. - 2008. - №12. // <http://www.zakon.kz/4445025-jekspertnoe-zakljuchenie-carica.html>

19 Войникание Е.А., Калятин В.О. База данных как объект правового регулирования: Учебник пособие.- М.: Статут. 2011. – 174 с.

20 Эдельман Б. Мысли об авторском праве и путях его развития в странах Европейского Экономического Сообщества // Бюллетень по авторскому праву. - 1994. - №3. - С. 10-27.

21 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. Т.4.- М.:Русский язык, 1998. – 4472 с.

22 Александрова З.Е. Словарь синонимов русского языка/ Под ред. Л.А.Чешко. - М.: Советская энциклопедия, 1968. – 600 с.